

ФИЛОСОФИЯ

FTAMP 02.15.51

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-27>

С.Т. ШЫЛМАМБЕТОВ*



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD.,
аға оқытушысы, (Түркістан, Қазақстан), *e-mail: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАУ ТҰРҒЫСЫНАН ХАРИДЖИЛІКТЕГІ САЯСАТ
ПЕН ЗОРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

Аңдатпа. Мақалада хариджиліктегі саяси ұстаным мен зорлық мәселесі ислам өркениетіндегі діни-саяси феномен ретінде тек тарихи оқиға тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге дін мен саясат арасындағы өзара ықпалдастықты және олардың күрделі қатынастарын зерделеуге мүмкіндік беретін философиялық құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл ағымның діни пайымдары, әсіресе радикалды тармақтарының Құран мәтіндерін өз ұстанымдарына сәйкес интерпретациялауы дәстүрлі діни қағидалардың шегінен шығып, әділет, еркіндік және моральдық жауапкершілік ұғымдарына қатысты терең философиялық сауалдар тудырады. Хариджилердің қатаң принципшілдігі мен шектен тыс әділдікке ұмтылысы дін мен саяси билік арақатынасына, азаматтық жауапкершілік пен биліктің заңдылығы мәселелеріне айрықша назар аударады. Сонымен қатар, олардың зорлық-зомбылыққа жүгінуі философиялық-этикалық іргетастарды қайта қарастыру қажеттігін алға тартады. Бұл құбылыс билікке қарсылық пен қоғамдық тәртіптің шектері жөніндегі сұрақтарды философиялық тұрғыдан қайта пайымдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда хариджилік қозғалыс дін мен саясат, әділет пен билік, жеке жауапкершілік пен қоғам арасындағы тепе-теңдікті іздеудің үздіксіз көрінісі ретінде қарастырылады. Мақалада сондай-ақ хариджилердің діни мәтіндерді түсіндіруінен туындаған философиялық түйткілдер, олардың саяси идеологиясы мен әрекеттеріндегі этикалық қайшылықтар және зорлық-зомбылыққа бейімділіктің себептері кешенді түрде талданады. Дін мен саясат арасындағы байланысты философиялық тұрғыдан талдау арқылы зерттеу хариджилік қозғалыстың күрделі табиғатын және ислам өркениеті аясындағы тарихи-философиялық маңызын терең түсінуге жол ашады.

Кілт сөздер: Хариджилік, Ислам, философия, саясат, зорлық-зомбылық.

S.T. Shylmambetov

PhD, Senior Lecturer of the International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi (Turkestan, Kazakhstan), e-mail: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz

**The Issue of Politics and Violence in Kharidjism from the Perspective of
Philosophical Thinking**

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

С.Т. Шылмамбетов. Философиялық ойлау тұрғысынан хариджиліктегі саясат пен зорлық мәселесі // НИКМЕТ. – 2025. – №3 (5). – Б. 56–66.

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-27>

***Cite us correctly:**

С.Т. Шылмамбетов. Философиялық ойлау тұрғысынан хариджиліктегі саясат пен зорлық мәселесі // НИКМЕТ. – 2025. – №3 (5). – Б. 56–66.

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-27>

Мақаланың редакцияға түскен күні 24.09.2025 / қабылданған күні 28.09.2025.

Abstract. This article considers the political stance and issue of violence in Kharijism not only as a historical event within Islamic civilization but also as a philosophical phenomenon that enables an exploration of the complex interplay between religion and politics. The religious interpretations of this movement, especially its radical branches, which interpret Quranic texts according to their own positions, go beyond traditional religious principles and raise profound philosophical questions related to justice, freedom, and moral responsibility. The strict principledness of the Kharijites and their extreme pursuit of justice draw particular attention to the relationship between religion and political power, as well as issues of civic responsibility and the legitimacy of authority. Moreover, their recourse to violence calls for a reconsideration of the philosophical and ethical foundations. In this context, this phenomenon allows for a philosophical rethinking of resistance to power and the limits of social order. In this regard, the Kharijite movement can be seen as a continuous expression of the search for balance between religion and politics, justice and authority, individual responsibility and society. The article also provides a comprehensive analysis of the philosophical dilemmas arising from the Kharijites' interpretation of religious texts, the ethical contradictions in their political ideology and actions, and the reasons for their propensity toward violence. By philosophically analyzing the relationship between religion and politics, the study opens a path to a deeper understanding of the complex nature of the Kharijite movement and its historical-philosophical significance within Islamic civilization.

Keywords: Kharijism, Islam, philosophy, politics, violence.

С.Т. Шылмамбетов

PhD, старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, (Туркестан, Казахстан), e-mail: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz

Вопрос политики и насилия в Хариджизме с точки зрения философского мышления

Аннотация. В статье политическая позиция и проблема насилия в хариджизме рассматриваются не только как историческое событие, но и как религиозно-политический феномен в исламской цивилизации. Этот феномен анализируется не только с исторической точки зрения, но и как философское явление, позволяющее изучить взаимовлияние и сложные отношения между религией и политикой. Религиозные толкования этого движения, особенно его радикальных направлений, которые интерпретируют тексты Корана в соответствии со своими убеждениями, выходят за рамки традиционных религиозных принципов и вызывают глубокие философские вопросы, касающиеся справедливости, свободы и моральной ответственности. Строгий принципиализм хариджитов и их чрезмерное стремление к справедливости привлекают особое внимание к отношениям между религией и политической властью, а также к вопросам гражданской ответственности и законности власти. Кроме того, их прибегание к насилию требует пересмотра философско-этических основ. Это явление позволяет философски переосмыслить вопросы сопротивления власти и границ общественного порядка. В этом контексте хариджитское движение рассматривается как непрерывное проявление поиска баланса между религией и политикой, справедливостью и властью, индивидуальной ответственностью и обществом. В статье также комплексно анализируются философские проблемы, возникающие из толкования хариджитами религиозных текстов, этические противоречия в их политической идеологии и действиях, а также причины их склонности к насилию. Философский анализ взаимосвязи религии и политики открывает путь к глубокому пониманию сложной природы хариджитского движения и его историко-философского значения в рамках исламской цивилизации.

Ключевые слова: Хариджизм, ислам, философия, политика, насилие.

S.T. Shylmambetov

Dr., Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Kıdemli Öğretim Üyesi (Türkistan, Kazakistan), e-posta: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz

Felsefi Düşünce Bakış Açısından Haricilikte Siyaset ve Şiddet Meselesi

Özet. Bu makalede, Haricilikteki siyasi tutum ve şiddet meselesi, İslam medeniyetindeki dini-siyasi bir fenomen olarak yalnızca tarihi bir olay olarak değil, aynı zamanda din ve siyaset arasındaki karşılıklı etkileşimi ve karmaşık ilişkileri incelemeye olanak tanıyan felsefi bir olgu olarak ele alınmaktadır. Bu hareketin dini yorumları, özellikle radikal kanatları, Kur'an metinlerini kendi görüşlerine göre yorumlayarak geleneksel dini prensiplerin sınırlarını aşmakta ve adalet, özgürlük ve ahlaki sorumluluk kavramlarıyla ilgili derin felsefi sorular ortaya çıkarmaktadır. Haricilerin katı prensipçiliği ve aşırı adalet arayışı, din ve siyasi iktidar arasındaki ilişkiye, vatandaşlık sorumluluğu ve iktidarın meşruiyeti meselelerine özel bir dikkat çekmektedir. Ayrıca, onların şiddete başvurmaları, felsefi ve etik temellerin yeniden gözden geçirilmesi gerekliliğini gündeme getirmektedir. Bu olgu, iktidara karşı direniş ve toplumsal düzenin sınırları konusundaki soruları felsefi açıdan yeniden değerlendirmeye olanak sağlamaktadır. Bu bağlamda, Haricilik hareketi, din ile siyaset, adalet ile iktidar, bireysel sorumluluk ile toplum arasındaki dengeyi aramanın sürekli bir yansıması olarak görülmektedir. Makale ayrıca Haricilerin dini metinleri yorumlamasından kaynaklanan felsefi sorunları, siyasi ideolojilerindeki ve eylemlerindeki etik çelişkileri ve şiddete eğilimlerinin nedenlerini kapsamlı şekilde analiz etmektedir. Din ve siyaset arasındaki ilişkiyi felsefi açıdan analiz ederek çalışma, Haricilik hareketinin karmaşık doğasını ve İslam medeniyeti bağlamındaki tarihsel-felsefi önemini derinlemesine anlamaya olanak tanımaktadır.

Anahtar kelimeler: Haricilik, İslam, felsefe, siyaset, şiddet.

Кіріспе

Хариджилер тарихи сахнаға шыққан кезден бастап оппозициялық ұстанымдарымен және зорлық-зомбылықпен астасқан даулы сипатымен ерекшеленді. Олар ислам өркениетіндегі алғашқы ұйымдасқан радикалды топ әрі діни сипаттағы саяси оппозиция ретінде бағаланып, тарихшылар мен ойшылдар тарапынан түрліше түсіндірілді. Дегенмен, олардың табиғатын түсіндіруде ортақ екі ұстаным айқындалады: біріншіден, хариджилік тек діни оқшауланған сенім жүйесі емес, оның саяси қыры да бар; екіншіден, бұл қозғалыс зорлық-зомбылықты легитимді құрал ретінде қолдануымен ерекшеленеді.

Сондықтан хариджилікті тек діни секта немесе тек саяси қозғалыс деп сипаттау ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз болып табылады. Хариджилердің өз құндылықтарын Құран аяттарымен негіздеп, діни рәсімдерге беріктігі оларды діни қауым ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, халифаны таңдау, билеушінің легитимділігі және саяси билікке күмән келтіру мәселелеріне ерекше назар аударуы олардың саяси өлшемін көрсетеді. Осыған байланысты хариджилікті діни-саяси қозғалыс ретінде анықтау анағұрлым орынды деп есептеледі.

Әлеуметтік құбылыстарды бір ғана фактор арқылы түсіндірудің шектеулілігіне сүйене отырып, хариджиліктің пайда болуына экономикалық, саяси және социологиялық алғышарттардың қатар әсер еткені айқындалады. Дәуірдегі саяси қақтығыстар, араб қоғамындағы әлеуметтік-мәдени ерекшеліктер және ислам мемлекетінің өзгермелі экономикалық жағдайлары хариджиліктің қалыптасу кезеңінде өзара тоғысып, қозғалыстың пайда болуына ықпал етті.

Осы мәселелерді ескере отырып, зерттеуде хариджиліктің мәні, оның қалыптасуына ықпал еткен факторлар, діни түсініктері мен сол түсініктердің саясатпен байланысы, сондай-ақ зорлық-зомбылыққа бейімділікті күшейткен қырларын ашу мақсатында

мақаланы үш тақырыпша арқылы ашып көрсетуге талпыныс жасалды. Бірінші хариджиліктің жалпы ерекшеліктері және ортаға шығуы тарихына тоқталды. Екінші хариджиттердің саясат түсінігі және саясатқа әсері жөнінде талқылау мен үшінші тармақшаға хариджиттердегі зорлық-зомбылық мәселесі кірістірілді. Қортынды бөлімде аталмыш үш тақырыптың негізгі сараптамалық тұжырымы жасалынған.

Зерттеу әдістері

Зерттеу мақаламыздың тарихи тереңдігімен саяси өзектілігіндегі мәселелерді ескере отырып, зерттеуде хариджиліктің мәні, оның қалыптасуына ықпал еткен факторлар, діни түсініктері мен сол түсініктердің саясатпен байланысы, сондай-ақ зорлық-зомбылыққа бейімділікті күшейткен қырлары талданады. Зерттеу барысында контенттік талдау әдісі қолданылып, хариджилікке қатысты ғылыми еңбектер мен мақалалар қарастырылды. Хариджиліктегі басты феномен — зорлық-зомбылық мәселесі философиялық тұрғыдан пайымдалып, қазіргі ислам әлеміндегі радикалды қозғалыстардың табиғатын түсіндіруге теориялық негіз ретінде ұсынылады.

Талдау мен нәтижелер

1. Хариджиліктің жалпы ерекшеліктері және ортаға шығуы

Араб тілінде «сыртқы» деп аударылатын атау алғашқыда «бүлікшіл», «бөліп шығушы», «қарсыласушы» сияқты мәндерде қолданылғаны байқалады (Viçer, 2015: 3). Бұл ұғым адамдарды, дінді және құқықтық тәртіпті тәрк ету немесе заңды халифаға қарсы шығып, билікке қарсы қозғалыс жасау арқылы негізгі орталықтан бөлініп кетуді білдірген. Олардың өздеріне қатысты бұл атауды «Аллаға және Оның пайғамбарына қоныс аударып, кәпірлер арасынан бөлініп шыққандар» мағынасында да пайдаланғаны айтылады (Bulut, 2015). Алғашқы хариджиттердің негізінен исламды жаңадан қабылдаған бедуин тайпалары арасынан шыққаны және қала өмірімен аз байланыста болғаны тарихи деректерде көрсетіледі (Viçer, 2015: 3).

Ислам дереккөздерінде ерте кезеңдегі хариджиттердің басты сипаттары – құлшылыққа беріктік, тақуалық пен зүһд, діни-фанатикалық ыждағат, қаталдық пен шектен шығушылық, соғыстан және өлімнен қорықпау, Құранды жатқа білу әрі жиі оқу, бірақ оның мәтінін үстірт түсіну, насстардың сыртқы мағынасына шектен тыс берілу, өз сенімін өзгеге зорлық арқылы тану болды. Мұндай сипаттамалар олардың діни ұстанымдарында догматизм мен фанатизмнің басым болғанын, тіпті билікке қарсы шықпаған өз қатарларын да қатаңдықпен жазалағанын, мұсылмандарды да «шынайы иманға сай келмеді» деп өлтіруден тайынбағанын дәлелдейді (Bulut, 2015).

Хариджиттер барлық тарихи кезеңдерде маргиналды қозғалыс ретінде сипатталып, оларды «ой-өрісі тар, пайым қабілеті шектеулі топ» деп атаған көзқарастар кең тараған (Bulut, 2015). Әлеуметтік-мәдени тұрғыда жүргізілген зерттеулерде хариджиттер «ғылымнан алшақ, ойлауда үстірт, күнкөріс деңгейі төмен, бәдәуилік ортада қалыптасқан» топ ретінде бейнеленген (Dalkılıç, 2005: 21). Танымнан бұрын әрекетке басымдық берген бұл ағым исламның алғашқы ғасырында саяси факторлардың ықпалымен пайда болып, діни және саяси мәселелердегі радикалды ұстанымдарымен белгілі болды. Мұхаммед пайғамбардың «жебенің садақтан шыққаны сияқты діннен шығады» деген хадисіне сүйеніп, хариджиттерге «марика» атауы да берілген (Bulut, 2007: 42). Сондай-ақ олар тарихта Харура жеріне байланысты «харурия», хакем оқиғасына қарсылықтарына байланысты «мухаккимия», Абдуллаһ ибн Уәһб әр-Расибидің ықпалына байланысты «уәһбия» немесе «расибия» деп аталған тұстары бар (Ünsal, 2015: 9-10).

Хариджиттер біртұтас ағым ретінде емес, көптеген тармақтарға бөлінген қозғалыс болды. Олардың ішінде ең радикалды әрі ымырасыз тобы – әзәрика мен нәждилер, ең төзімді әрі мәмілеге бейім бағыты – ибадия, ал аралық ұстанымдағысы – суфрия болды (Dalkılıç, 2005: 44). Дереккөздерде хариджиттік қозғалыс «қала өркениетіне бейімделе

алмаған немесе экономикалық бөліністе шет қалған арабтардың наразылығын білдіру үшін дінді құрал еткен оппозициялық құбылыс» ретінде де түсіндірілген (Öz, 2013: 23).

Хариджиттердің пайда болуын көптеген тарихшылар Сыффин соғысынан кейінгі хакем оқиғасымен байланыстырады (Teber, 2008: 59). Алайда бұл ағымның шығуы бір күндік оқиғамен шектелмей, Хз. Осман халифалығының соңғы кезеңінде басталған саяси толқулардың жалғасы ретінде бағаланады. Тіпті хариджиттік идеялардың Османға қарсы қозғалыстар басталмай тұрып пайда болғаны және алғашқы рет осы бүліктерде нақты көрініс тапқаны да айтылады. Хз. Османға қарсы көтерілістерге олардың қатысуы осы пікірдің қисындылығын арттырады (Yıldız, 1999: 257).

Хариджиттерді Әлиден бөлініп шыққан ағым ретінде сипаттау үстірттік болып табылады. Өйткені олардың алғашқы қарсылықтары Османға бағытталды және олардың қалыптасуын тек Сыффин соғысы мен Тахким оқиғасына телу жеткіліксіз. Хариджиттік көзқарастарды түсіну үшін Осман дәуіріндегі діни-саяси оқиғаларды ескеру қажет. Демек, хариджиттік ағымның Осман дәуіріндегі оппозициялық сипатынан бастау алып, кейінгі кезеңдерде жүйелі қозғалысқа айналғанын айтуға болады (Lök, 2014: 148).

Хариджиттердің қалыптасуында мұнафықтардың ықпалы да сөз етіледі. Зұл-Хұвайсыра, Хуркус ибн Зұхайр және Ибн Сәба секілді тұлғалардың олардың ішінде жетекшілік рөл атқарғаны байқалады. Исламға ашық зиян келтіре алмаған мұнафықтар надан және бәдәуи топтарды құрал ретінде пайдаланғаны жөнінде деректер бар. Дегенмен, бұл құбылысты тек мұнафықтардың әрекетімен шектеу дұрыс емес, себебі бәдәуилік, білімсіздік, діни фанатизм, ру-тайпалық мүдделерге соқыр жанашырлық сияқты көптеген әлеуметтік-психологиялық факторлар да хариджиттіктің пайда болуына тікелей әсер еткен (Kubat, 2006: 117).

Хариджиттік қозғалысты бәдәуилік ерекшеліктерімен байланыстыра қарастырған Акуол бұл құбылысты бәдәуи қоғамнан қала (хадари) өркениетіне өту кезеңінде ру-тайпалық рухтың қарсылығы ретінде түсіндіреді және оны көшпелі өмір салтының тарихи салдары деп бағалайды. Зерттеушінің пайымдауынша, шәлейт аймақтарда ұзақ уақыт бойы қиын жағдайларда өмір сүрген бәдәуилер қалалану мен өркениеттенудің алып келген жаңа институттары мен білім жүйесін қабылдай алмаған, сондықтан өздерінің шектеулі діни түсініктеріне сүйеніп әрекет еткен. Қоғамдық құрылымдағы мұндай өзгерістер рулық сананың артуына ықпал етіп, жаңа әлеуметтік-мәдени жүйеге бейімделе алмаған топтардың зорлық пен күш қолдануға бейімділігін күшейтті (Akyol, 2000: 59).

Хариджиліктің бастаушысы ретінде сипатталатын Зұл Хүвейсира жөнінде Бухаридің баяндауынша, Пайғамбар Мұхаммедтің дәуірінде Хүнейн олжалары үлестіріліп жатқан сәтте ол Пайғамбарға «Әділ бол!» деген сөз айтқан. Мұндай айыптау Пайғамбар мен оның серіктеріне әділетсіздікке тағылған күдік ретінде қабылданып, сахабалар Зұл Хүвейсираны жазалауға рұқсат сұраған. Алайда Пайғамбар оны өлтірмеуді бұйырып, болашақта Зұл Хүвейсира мен оның жақтастары мұсылман қауымынан бөлініп шығатынын ескерткен (Ünsal, 2015: 11). Зерттеушілер оның Хүнейн олжаларының бөлінісіне қатысты наразылығы материалдық мүдде тұрғысынан туындағанын негізге ала отырып, харижиліктің пайда болуында экономикалық факторлардың да ықпалы болғанын алға тартады (Demircan, 2000: 29). Мұндай айыптаулар, әсіресе мұсылман қоғамында үлкен әдепсіздік саналған Пайғамбарға қарсы келу әрекеті, харижиттердің бәдәуи және оппозициялық сипатының айқын көрінісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Хз. Осман кезеңінде мұсылман жамағатының саяси мәселелерге деген қызығушылығы артып, уәлаят басшылары мен халифаның іс-әрекеттерін сұрастыру үрдісі харижиліктің өрістеуінде маңызды факторлардың бірі ретінде байқалды. Бұған қоса, сол дәуір мұсылмандары саяси проблемаларға қатысты Құран мен хадистерде тікелей нұсқаулар таппай, әртүрлі интерпретацияларға жүгінді. Сондай-ақ харижиттерге қарсы күрестің қатаң жүргізілуі де олардың радикалды қозғалыс ретінде күшеюіне ықпал еткендігі туралы пікір айтылады (Demircan, 2000: 31).

Ешбір дәстүрлі негізге сүйенбей пайда болған харижилік жалпы қабылданған исламдық ілімнен ауытқу ретінде бағаланады (Kubat, 2006: 115). Бұл ағым Мұтазила ілімінен белгілі бір деңгейде әсер алып, Уахабизмге ықпал еткенімен, бүгінгі ислам әлеміндегі кейбір ағымдармен ұқсас сипаттарға да ие болып табылады. Харижиттердің өзіндік ерекшеліктері мұсылман қауымының барлығына ықпал еткен. Әсіресе олардың саяси идеялары исламдық топтарға әсер еткенімен, әлеуметтік саладағы фанатизм элементтері мен құлшылықтағы шектен тыс әрекеттері де мұсылман қоғамының қалыптасуына ықпалын тигізгені байқалады (Yıldız, 1999: 269). Тарихи тұрғыдан алғанда, алғашқы кезеңдерінде мұсылман қоғамында айтарлықтай алауыздық пен бүліктер тудырған харижиттер төртінші ғасырдан кейін біртіндеп маргиналды сипатқа көшіп, дербес діни ағым ретінде жойылды; олардың орнында өздерін толық мойындамайтын ибадилер ғана сақталды (Albayrak, 2013: 35).

Хариділердің бедуиндік, тайпалық тұрмысқа бейімделгендігі, қала өміріне бейімделмеуі және догматикалық ұстанымдары олардың діни мәтіндерді жан-жақты әрі терең түсінуіне кедергі келтірді. Олар Құран аяттарына, хадистерге және исламдық қағидаларға көбінесе беткей көзқараспен қарап, олардың мағынасын толық ашуға шектеулі болды. Бұл шектеулілік жеке ғибадаттар тұрғысынан олардың рухани тәжірибесіне аса зиян келтірмеді, себебі иман мен ғибадаттың ережелері айқын және өзгермейтін сипатта болғандықтан, оларда ешқандай күмән туындаған жоқ. Алайда, осы беткейлік олардың діни танымында ғана емес, исламның саяси және әлеуметтік өмірге қатысты ұғымдарын терең игеруде де шектеу қойды.

2. Харижиттердің саясат түсінігі және саясатқа әсері

Харижилік толықтай саяси үдерістердің нәтижесінде қалыптасқан ағым ретінде бағаланады (Teber, 2008: 65; Ünal, 1992) және ислам тарихындағы алғашқы оппозициялық қозғалыс болуымен ерекшеленеді. Алғашқы кезеңде саяси сипат алған харижилік кейіннен діни қырын күшейтті (Kubat, 2006: 121). Харижиттер Құрайыш әулетінің билігіне қарсылық танытып, үнемі саяси үстемдікке ұмтылыс жасап отырғаны байқалады. Олардың саяси көзқарастары өз дәуірінің билік құрылымына айтарлықтай ықпал етіп, қозғалыс Аббасидтер дәуірінің ортасына дейін өмір сүрді. Харижиттік көтерілістер сауда байланыстарының тоқтауына, экономикалық шығындардың көбеюіне және салық түсімдерінің төмендеуіне әкелді. Тарихи тұрғыдан олар Омейядтар мемлекетінің құрылуына жанама түрде ықпал еткенімен, оның құлдырауына себеп болған қозғалыстардың бірі ретінде де көрінеді (Gökalp, 2012: 176-177).

Харижиттердің саяси ұстанымдарында ру-тайпалық факторлар айқын байқалып, олардың Құран аяттарын өз саяси мүдделеріне сәйкес интерпретациялауы «саяси таңдауларын иман мәселесімен ұштастырған алғашқы қауым» деген сипаттамаға негіз болды (Yıldız, 2010: 137). Саяси талаптар арқылы олар қолдаушыларын көбейтіп, ықпалды күшке айналды. Ислам қоғамында алғашқы діни-саяси пікірталастардың басталуында харижиттердің рөлі зор болды. Олар жеке тұлғаның, қоғамның және биліктің заңдылығы мен әділеттілігіне қатысты сұрақтар қою арқылы саяси әділет концепциясын қалыптастыруға тырысты. Харижиліктің қалыптасуымен бірге ислам қоғамында билік пен егемендік мәселесі күн тәртібіне шықты (Yıldız, 1999: 260).

Харижиттік саяси ойлаудың маңызды тұстарының бірі — имамат мәселесі. Халифаның сайлануы мен басқарылуы туралы ұстанымдары харижиттерді сол дәуір мұсылмандарынан ерекшеледі (Sarıkaya, 2009: 102). Олардың пікірінше, кез келген мұсылман, тіпті құл да, халифа болып сайлана алады. Егер халифа әділет жолынан тайса, оны қоғам орнынан түсіруге құқылы. Бұл қағида харижилікті Әһлі сунна мен Шиадан ажырататын басты ерекшелікке айналды (Teber, 2008: 63). Харижиттердің бәдәуи тайпалық құрылымынан шығуы да басқаруға қатысты көзқарастарына ықпал етті. Тайпа басшысының сайлануы, оның билігінің шектеулілігі және өз орнын сақтау үшін тайпа

мүшелерінің қолдауына тәуелді болуы халифат жөніндегі олардың тұжырымдарын негіздеді (Yıldız, 2010: 142).

Харижиттердің саяси түсінігі бойынша мұсылман қоғамының халифасыз өмір сүруі мүмкін әрі рұқсат етіледі. Дегенмен, имам қажет болған жағдайда оның шыққан тегі, руы немесе ұлтына шектеу қойылмауы тиіс. Халифаны сайлауда шура негізгі рөл атқарады. Билеуші әділеттілік принципін сақтап, «жақсылыққа шақыру және жамандықтан тыю» қағидасын орындауы қажет, ал үммет оған толық қолдау көрсетуі тиіс. Харижиттердің имаматқа қатысты дәстүрлі исламдық көзқарастан айырмашылығы — Құран мен сүннетке қайшы әрекет ететін, зұлымдыққа бейім билеушіге қарсы қарсылықты діни міндет ретінде қарастыруында (Teber, 2008: 63). Белгілі зерттеуші Сарықаяның пайымдауынша, олар үшін әділетсіз билікке қарсы шығу иман талаптарының бірі саналған. (Sarıkaya, 2009: 102)

Харижиттік ойдың түрлі атпен және әртүрлі ұрандармен бүгінгі күнге дейін жеткені жөнінде пікірлер бар. Үналдың (Ünal, 1992) көзқарасы бойынша, харижиттердің ізбасарлары тарихи тұрғыдан жоғалғандай көрінгенімен, идеялық және рухани деңгейде олардың ықпалы жалғасып келеді. Джелидің (Celi, 1997) пайымдауынша, XX ғасырдың жетпісінші жылдарында Мысырда пайда болған «Текфир және Хижрет» ұйымы қазіргі заманғы харижиттік көзқарастың жаңғырығы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл қозғалыста, харижиттер секілді, ауыр күнә жасаған адамды діннен шығып, кәпірге айналды деп есептейді және мүшелерін басқа мұсылман қауымынан оқшауланып өмір сүруге міндеттейді.

Харижиттердің ислам қоғамындағы саяси салдары олардың мұсылмандар арасында қақтығыстар туғызып, қоғамдық тәртіпті әлсіретіп, исламдық бірлікті бұзуымен сипатталады. Сонымен бірге, олардың діни мәтіндерді зорлық-зомбылықты негіздеу үшін пайдалануы мұсылман халықтарының арасында зайырлы және секулярлық жүйелерге ұмтылысты күшейткен құбылыс ретінде бағаланады (Ünsal, 2015: 160).

3. Харижиттердегі зорлық-зомбылық мәселесі

Харижиттер тарихта зорлық-зомбылықты жүйелі түрде қолданған ағым ретінде ерекшеленеді. Олардың айқын сипаттарының бірі — діни мәтіндерге (насттарға) бұрмаланған түсінік жүктеу, күнә болып саналмайтын нәрселерді күнә ретінде қабылдау, мұсылмандарды такфирлеу және олардың қаны мен мал-мүлкін заңды деп санау болды (Kubat, 2006:117). Мұндай ерекшеліктер олардың радикалды бағыттағы зорлыққа бейімділігінің әрі алғышарты, әрі көрінісі саналады. Харижиттер «жақсылыққа шақыру» (әл әмру бил мағруф) және «жиһад» қағидаларына сүйене отырып, дін атынан зорлық пен террорды ақтап алуға ұмтылды (Bulut, 2015). Бүгінгі күні Әл-Каида мен ИГИЛ (ДАИШ) сияқты ұйымдар харижиттердің заманауи көріністері ретінде қарастырылады деген пікір кең тараған. Әли кезеңінде харижиттер ең ықпалды террорлық топ ретінде бағаланып, ислам тарихындағы дін негізінде ұйымдасқан алғашқы экстремистік қозғалыстардың бірі саналған (Cirhinlioğlu ve Bulut, 2010:305).

Харижиттердің саяси қарсылықтары билік пен қаржы ресурстарын бақылауда ұстаған Құрайыш басшыларына бағытталды; олар әлеуметтік теңдікті талап етіп, билеуші мен халық арасындағы алшақтықты жоюға ұмтылды. Бұл жолда олар әйелдер мен балаларды ажыратпай, зорлыққа жүгінуден тартынбады. Харижиттердің радикалды әрекеттерін Хазіреті Османның қаза табуынан бастап көруге болады. Өздерін Османды өлтірушілердің мұрагерлері санаған олар, оның қазасын толықтай өз жауапкершіліктеріне алды. Харижит басшыларының бірі Хуркус ибн Зухейр Османның өлтірілуіне тікелей қатысқан тұлға ретінде белгілі (Kubat, 2006:121).

Хазіреті Әли мен Муавия арасындағы Сыфин шайқасында жағдай Әлидің пайдасына шешілер шақта, Муавия кеңесшісі Амр бин Ас арқылы найзалардың ұшына Құран парақтарын көтеріп, төрелікке Құранды шақырды. Әли мұны айлакерлік деп қабылдап, соғысты жалғастыруды ұсынғанымен, оның әскеріндегі харижиттік топтар қысым жасап,

келісімге келуге мәжбүрледі. Мисар бин Федекі мен Әшас бин Кайс бастаған бір топ «төрелікке көнбесең, Османның тағдырын қайталайсың» деп Әлиді өліммен қорқытты (Kubat, 2006:124), бұл олардың тағы да зорлыққа бейім әрекетін көрсетті.

Төрелік үдерісінің нәтижесінде Муавия жақтастары Әлиді қайта соғысқа тартты. Әли мұны қабылдамағанымен, бастапқыда төрелікке көндірген харижиттер енді оны Құраннан гөрі адамдардың билігін мойындады деп айыптап, тақфир жариялап, әскерден бөлінді. Сол сәтте олар Муавияны да кәпір санады (Ünsal, 2015: 17).

Харижиттердің зорлықшыл мінезі қарапайым халыққа да бағытталды. Мысалы, сахаба Хаббаб бин Әрет пен оның жүкті жары Әлиге қатысты пікірлері үшін аяусыз өлтірілді; сондай-ақ Әли жіберген елші де қаза тапты (Ünsal, 2015: 20-22). Осы оқиғаларға жауап ретінде Әли он екі мыңдық харижит әскеріне қарсы шықты және Нехреван шайқасында олардың көбін жойды. Бұл жеңіліс харижиттердің кек алу ниетін күшейтіп, ақырында Әлидің қастандықпен өлтірілуіне алып келді (Kubat, 2006:126).

Харижиттік зорлық-зомбылық Әли дәуірінен кейін де жалғасты. Олар Муавиямен соғысып, Куфеді жетекшілерінің бір бөлігі өлтірілсе де, қалғандары әйел, бала, еркекті ажыратпай қырып, ауылдарды өртеп, үмметтің мал-мүлкін олжа санады. Террордан шаршаған куфеліктер билікке хабарлап, нәтижесінде харижиттік қозғалыс Басрада бөлшектеніп, секталарға бөлінді. Бұл құбылыс тек Куфе мен Басрамен шектелмей, Мұсыл, Жезира, Йемен, Ирак, Сирия, Хиджаз және Хорасан аймақтарына таралды (Şakırtaş, 2007: 69, 77). Харижиттердің кеңеюіне Әмейлер дәуіріндегі саяси тактикалар да ықпал етті. Ирак губернаторлары олардың қозғалысына қарсы қатал шаралар қолданып, жаза ретінде харижиттердің бір-бірін өлтіруіне, дене мүшелерін кесуге, отбасы мүшелерін өлтіруге, әйелдерін тартып алып, өзгелерге беруге, тіпті мешітте құлшылық етіп жатқандарды жаппай қырып-жоюға дейін барған (Yıldız, 2010:118-119).

Харижилікті тек өткен дәуірдегі саяси-діни ағым ретінде қарастыру үстірт көзқарас болып табылады. Бұл құбылыс — тарихқа, билікке және сенімге қатысты өзіндік дүниетаным мен рухани сана болып табылады. Мұндай сана ортағасырлық ислам қоғамында ғана емес, қазіргі замандағы діни-саяси қозғалыстарда да байқалады. Бүгінгі күні де өзімен келіспейтін мұсылмандарды тақфирлеп, олардың өмір сүру құқығын жоққа шығаратын радикалды топтар осы харижиттік сана-сезімнің көрінісі ретінде танылады (Kubat, 2006:147-148). Соңғы онжылдықтардағы ислам елдеріндегі көптеген қақтығыстар харижиттік және шииттік түсініктер аясында әрекет еткен ағымдармен байланыстырылады. Түрлі атауларға ие болғанымен, олардың ортақ сипаты — діни жаулап алу мен зорлық-зомбылықты алға шығару. «ИШИД» деп аталатын ұйым мұны ресми мойындамаса да, іс жүзінде харижиттік өлшемдерге сәйкес әрекет етуде (Viçer, 2015:3). ИШИД-тің мұсылмандарды тақфирлеуі, өзгелерді өлтіруі, мүлкін тартып алуы, ғалымдарға төзімділікпен қарауы және қатарында соғысушыларды ұстауы харижиттер тәжірибесін қайталайды. Тек ИШИД емес, Әл-Каида, Әш-Шабаб, Боко Харам, Әл-Нусра сияқты басқа да ұйымдар харижиттік рухани дүниетанымның заманауи көріністері болып саналады (Ünsal, 2015:148). Хариджиттік түсінік бойынша, үлкен күнә жасаған әрбір адам кәпір болып есептелді. Осы ұстанымнан туындайтын тағы бір қағида – әділетсіз әрі дінді қорғай алмайтын басшыға мойынсұнбау қажеттігі, оған қарсылық көрсету және мұсылмандар үшін мұны парыз деп санау болды. Бұл сенім олардың экстремистік сипаттағы қозғалыс екендігін айғақтайды. Мемлекеттік билікке қарсы шығу, зорлық-зомбылыққа бару және қырып-жою әрекеттерін жүзеге асыру – олардың негізгі ерекшеліктерінің бірі саналды.

Қорытынды

Хариджиттер – ислам тарихында қалыптасқан алғашқы саяси-діни ағым ретінде бағаланып, исламдық ұстанымдарды өздерінің саяси көзқарастарымен ұштастыруға ұмтылды және сол көзқарастарға сай келмейтіндерді кәпір деп айыптады. «Хүкім тек Аллаға тән» деген аятқа сүйенген олар күнә жасағандарды Құдайдың үкімдеріне қарсы

шыққандар деп қабылдап, құлшылықты иманның бөлінбес бөлігі деп санады; сондықтан діни ғибадатты орындамағандарды кәпір деп жариялады. Мұндай көзқарас мұсылмандарды да қоса отырып, діни міндеттерін атқармағандардың жазалануына негіз болды. Ислам дүниесін Дар әл-Ислам және Дар әл-Харб деп бөліп қарастырған Хариджиттер соңғысын Исламға кіргенше күресу қажет аймақ ретінде түсінді. Өз пікірлеріне қайшы келетін көзқарастағыларды да Дар әл-Харб ретінде бағалап, оларды қарсыласуға тиіс орындар деп санауы олардың зорлық-зомбылықты кеңінен таратуына ықпал етті.

Әсіресе ислам әлеміндегі секталық қақтығыстардың қоғамға тигізетін материалдық және рухани зардаптары ретінде айқын көрініс тапқан. Хариджиттік секілді кейбір ағымдар Құранды өз мақсаттарына сәйкес бұрмалап түсіндіру арқылы зорлық-зомбылықты діни қағидалармен ақтап алуға ұмтылды. Мұндай құбылыс ислам елдерінің қоғамдарына, мемлекеттеріне және жалпы ислам дініне ауыр зиян келтірді.

Хариджиттер саяси билікке қарсылық көрсету, басқарудағы тең құқық қағидасын қолдау, басшының шура арқылы сайлануын талап ету және әділетсіз билеушіге қарсы шығу құқығын қорғау сияқты маңызды идеяларды алға тартты. Алайда бұл идеяларын олар шамадан тыс қатандықпен және зорлық-зомбылық арқылы іске асыруға тырысты. Басқарушыларға ғана емес, қарапайым халыққа да күш қолдану арқылы олар ұстанған құндылықтардың жүзеге асуына өздері кедергі келтірді және ислам қоғамында терең алауыздық пен тұрақсыздық туғызды.

Хариджилер саяси билікке қарсылық білдіру, биліктің барлық қоғам мүшесіне теңдей тиесілі екендігін айқындау, билеушінің сайлау шура арқылы анықталуын талап ету және әділетсіз басқарушыға қарсы халықтың қарсылық білдіру құқығын қолдау сияқты ислам әлемінің саяси ойлау жүйесі үшін маңызды кейбір ұстанымдарға ие болды. Алайда, аталмыш идеяларды экстремистік тәсілдермен және зорлық қолдану арқылы жүзеге асыруға ұмтылулары, сондай-ақ билеушілермен қатар халыққа да зорлық көрсетуі олардың ұстанған саяси құндылықтарының жүзеге асуына тосқауыл қойып, ислам қоғамында жүйесіздік пен әлеуметтік шиеленісті күшейте отырып саяси биліктің тұрақтылығын әлсіретті. Сонымен қатар, Хариджиліктің идеялық тұрғыда өз дәуірінен озып, қазіргі заманға дейін белгілі бір деңгейде ықпалын сақтап келе жатқаны жөнінде кеңінен пікірталастар жүргізілуде. Қазіргі радикалды топтарды тікелей Хариджилік деп сипаттау және оларды Хариджилік идеологиямен органикалық байланыста қарастыру қиындық туғызады, себебі осы топтардың қазіргі кездегі радикалды исламшыл террорлық ұйымдардың Хариджиліктің бүгінгі жалғасы болып табылатын Ибадилік сектасынан болмауы осы тұжырымды дәлелдеуге кедергі жасайды. Дегенмен, бүгінгі ислам әлеміндегі террорлық топтар мен Хариджилердің діни және саяси көзқарастары арасында мағыналық және құрылымдық ұқсастықтардың бар екендігі ғылыми тұрғыдан танылған шындық болып табылады.

Сонымен қатар, хариджиттік идеялар тарихи кезеңімен шектеліп қалмай, бүгінгі күнге дейін интеллектуалдық деңгейде өз ықпалын сақтап отыр деген пікірлер айтылады. Қазіргі радикалды қозғалыстарды бірден хариджиттік дәстүрдің тікелей жалғасы деп тану қиын. Өйткені қазіргі исламшыл экстремистік топтардың хариджиттіліктің тарихи жалғасы саналатын ибадилікке жатпайтыны белгілі. Дегенмен, қазіргі ислам әлеміндегі террорлық ұйымдар мен хариджиттердің діни және саяси көзқарастары арасында елеулі ұқсастықтардың бар екендігі де ғылыми ортада мойындалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Akyol, Taha (2000), *Hariciler ve Hizbullah*, – İstanbul: Doğan. – S. 208.
Albayrak, İsmail (2013). The Other' Among Us: The Perception Of Khariji and Ibadi Islam in The Muslim Exegetical Traditions. *Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 54(1). – S. 35-63.
Biçer, Ramazan (2015). IŞİD Düşünce Yapısının Teolojik Arkapları, *Kelam Araştırmaları*, 13 (1). – S. 1-11.

- Bulut, H. İbrahim (2007). Dini Şiddetin Fikri Arka Planı Olarak Haricilik ve Günümüze Yansımaları. *Usul* (11). – S. 41-54.
- Bulut, H. İbrahim (2015). Hariciliğin Ortaya Çıkışı ve Haricî Zihniyetin Özellikleri. *Yeni Ümit* (107).
- Celi, Ahmet M. A. (1997). *Çağdaş Haricilik Düşüncesi*, – İstanbul: Beyan Yayınları.
- Cirhinlioğlu, Zafer; Bulut, Erol (2010). Terör, Din ve Siyaset, *Fırat Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*, Science20 (2). – S. 301-322.
- Dalkılıç, Mehmet (2005). Haricîlerin "İtidal" Arayışı Ve Sufriyye. *İstanbul Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi* (12). – S. 19-49.
- Demircan, Adnan (2000). Haricilik Mezhebinin Doğuşu Bağlamında Din-Siyaset İlişkisi, – İstanbul: Beyan.
- Gökçalp, Yusuf (2012). Bölgesel Sorunların Çözümünde Mezhep Faktörünün Yeri Ve Önemi. *II. Bölgesel Sorunlar ve Türkiye Sempozyumu (1-2 Ekim 2012)*. – S. 174-185.
- Kubat, Mehmet (2006). Hariciliğin Doğuşunda Münafıkların Rolü, *Din Bilimleri Akademik Araştırma Dergisi*, (4). – S. 115-151.
- Lök, Adem (2014). İlk Dönem Hâricî Kaynaklarına Göre Hz. Osman, *Muş Alparslan Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*, 2(1). – S. 137-150.
- Öz, Şaban (2013). İlk Dönem İslam Toplumunda Siyasi Algı Değişimi Üzerine, *KSÜ İlahiyat Fakültesi Dergisi* (21). – S. 1-29.
- Sarıkaya, M. Saffet (2009). *İslam Düşünce Tarihinde Mezhepler*, İstanbul: Rağbet Yayınları.
- Teber, Ömer Faruk (2008). Harici İmamet Nazariyesi Ve Mutlak Hakikatin Meşruiyeti Sorunu, *Ekev Akademi Dergisi* (34). – S. 57-72.
- Ünal, F. Taha (1992). İslam'da Siyasi Yapı Ve İki Siyasi Mezhep: Haricilik Ve Şiiilik, *Yeni Ümit* (18).
- Yıldız, Harun (1999). Harici Düşüncesinin Gelişimi, *On Dokuz Mayıs Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi* (11). – S. 257-270.
- Yıldız, Mehmet Ali (2010). Dinsel Şiddetin Kültürel Kökenleri-Haricilik Örneği, *Yüzüncü Yıl Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü*, Van.

REFERENCES

- Akyol, Taha (2000), *Hariciler ve Hizbullah* [The Kharijites and Hezbollah]. – İstanbul: Doğan. – S. 208. (In Turkish).
- Albayrak, İsmail (2013). The Other' Among Us: The Perception Of Khariji and Ibadi Islam in The Muslim Exegetical Traditions. *Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 54(1). – S. 35-63. (In English).
- Biçer, Ramazan (2015). IŞİD Düşünce Yapısının Teolojik Arkaplanı [Theological Background of ISIS's Ideological Structure]. *Kelam Araştırmaları*, 13 (1). – S. 1-11. (In Turkish).
- Bulut, H. İbrahim (2007). Dini Şiddetin Fikri Arka Planı Olarak Haricilik ve Günümüze Yansımaları [Kharijism as the Intellectual Background of Religious Violence and Its Reflections in the Present Day]. *Usul* (11). – S. 41-54. (In Turkish).
- Bulut, H. İbrahim (2015). Hariciliğin Ortaya Çıkışı ve Haricî Zihniyetin Özellikleri [The Emergence of Kharijism and the Characteristics of the Kharijite Mentality]. *Yeni Ümit* (107). (In Turkish).
- Celi, Ahmet M. A. (1997). *Çağdaş Haricilik Düşüncesi* [Contemporary Kharijite Thought]. – İstanbul: Beyan Yayınları. (In Turkish).
- Cirhinlioğlu, Zafer; Bulut, Erol (2010). Terör, Din ve Siyaset [Terror, Religion, and Politics]. *Fırat Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*, Science20 (2). – S. 301-322. (In Turkish).
- Dalkılıç, Mehmet (2005). Haricîlerin "İtidal" Arayışı Ve Sufriyye [The Kharijites' Search for "Moderation" and the Sufriyya]. *İstanbul Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi* (12). – S. 19-49. (In Turkish).
- Demircan, Adnan (2000). Haricilik Mezhebinin Doğuşu Bağlamında Din-Siyaset İlişkisi [The Religion-Politics Relationship in the Context of the Emergence of the Kharijite Sect]. – İstanbul: Beyan. (In Turkish).
- Gökçalp, Yusuf (2012). Bölgesel Sorunların Çözümünde Mezhep Faktörünün Yeri Ve Önemi [The Role and Importance of the Sectarian Factor in the Resolution of Regional Problems]. *II. Bölgesel Sorunlar ve Türkiye Sempozyumu (1-2 Ekim 2012)*. – S. 174-185. (In Turkish).

- Kubat, Mehmet (2006). Hariciliğin Doğuşunda Münafıkların Rolü [The Role of Hypocrites in the Emergence of Kharijism]. *Din Bilimleri Akademik Araştırma Dergisi*, (4). – S. 115-151. (In Turkish).
- Lök, Adem (2014). İlk Dönem Hâricî Kaynaklarına Göre Hz. Osman [Caliph ‘Uthman According to Early Kharijite Sources]. *Muş Alparslan Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*, 2(1). – S. 137-150. (In Turkish).
- Öz, Şaban (2013). İlk Dönem İslam Toplumunda Siyasi Algı Değişimi Üzerine [On the Change of Political Perception in Early Islamic Society]. *KSÜ İlahiyat Fakültesi Dergisi* (21). – S. 1-29. (In Turkish).
- Sarıkaya, M. Saffet (2009). *İslam Düşünce Tarihinde Mezhepler* [Sects in the History of Islamic Thought]. İstanbul: Rağbet Yayınları. (In Turkish).
- Teber, Ömer Faruk (2008). Harici İmamet Nazariyesi Ve Mutlak Hakikatin Meşruiyeti Sorunu [The Kharijite Doctrine of the Imamate and the Problem of the Legitimacy of Absolute Truth]. *Ekev Akademi Dergisi* (34). – S. 57-72. (In Turkish).
- Ünal, F. Taha (1992). İslam’da Siyasi Yapı Ve İki Siyasi Mezhep: Haricilik Ve Şiilik [The Political Structure in Islam and Two Political Sects: Kharijism and Shi‘ism]. *Yeni Ümit* (18). (In Turkish).
- Yıldız, Harun (1999). Harici Düşüncesinin Gelişimi [The Development of Kharijite Thought]. *On Dokuz Mayıs Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi* (11). – S. 257-270. (In Turkish).
- Yıldız, Mehmet Ali (2010). Dinsel Şiddetin Kültürel Kökenleri-Haricilik Örneği [The Cultural Roots of Religious Violence – The Example of Kharijism]. *Yüzüncü Yıl Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü*, Van. (In Turkish).